



ӨМІРБАЯН

Мен, Успабаева Айгуль Аманкуловна 20.11.1973 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласында дүниеге келдім. 1980 жылы Лапшин атындағы №53 жалпы орта мектебінің 1-ші сыныбына оқуға барып, 1990 жылы бітірдім. 1990 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетінің, биология факультетіне түстім. 1995 жылы аталған факультеттің «Биология. Биология және химия оқытушысы» мамандығы бойынша оқытушы біліктілігін алып шықтым. 1995-1997 жылдар аралығында Шымкент педагогикалық дене тәрбиесі институты «Жалпы биология» кафедрасында оқытушы қызметін атқардым. 1997-2001 жылдары аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Жалпы биология» кафедрасында оқытушы, 2001-2011 жылдар аралығында осы университеттің «Биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының стажер-ізденушісі, аспирант, аға оқытушы, доцент болып жұмыс істедім. 2011-2021 жылдары аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Өндірістік биотехнология және экология» ҒЗИ-да аға ғылыми қызметкер, ғылыми зерттеу зертханасының меңгерушісі қызметтерін атқардым. 2021 жылдан қазіргі күнге дейін Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Биология» кафедрасында б.ғ.к., доцент м.а., кафедра меңгерушісі қызметін атқарамын.

2006 жылы ҚР БҒМ Микробиология және вирусология институтында «Использование углеводородокисляющей микрофлоры для биорекультивации нефтезагрязненных почв в условиях аридного климата Южного Казахстана» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадым.

110-нан астам ғылыми және ғылыми әдістемелік жұмыстардың, оның ішінде 12 ҚР патенттер және инновациялық патенттері, 4 элетрондық оқулықтар, 12 оқу және оқу-әдістемелік құралдардың, 6 ЖОО пәндер бағдарламасының, 4 монографияның авторымын. Экологиялық биотехнология бағытында орындалған жалпы сомасы 70 000 000 тенге болатын гранттық қаржыландыру және шаруашылық келісімшарттардың негізгі орындаушысы болып жұмыс атқардым (2003-2018жж).

Тұрмыстамын. Жолдасым - Бименов Мырзағали Аязович, физика-математика ғылымдарының кандидаты. Екі ұлым, бір қызым бар. Ұлым – Аяз Алмасбек Мырзағалиұлы, Chalmers University of Technology (Швеция) 1-ші курс магистранты, ұлым – Аяз Жалғасбек Мырзағалиұлы, Назарбаев университетінің 4 курс студенті, қызым – Аяз Назерке Мырзағалиқызы, физика-математика бағытындағы Назарбаев интеллектуалды мектебінің 11-ші сынып оқушысы.